

«Өлсе өлер, табиғат, адам өлмес», - деп ұлы Абай атамыз айтып кеткендей, өнегелі іс, өшпес мұра қалдырған жақсы адамның аты ешқашан ұмытылмайтыны анық. Жақсы мен жаман қатар жүретін, шырғалаң өмір жолында көп кездесе бермейтін, қайталанбайтын тұлғалар болады. Сондай ардақты адамның бірі, бірегейі - Ақылбаев Жамбыл Сәулебекұлы.

Ақылбаев Жамбыл Сәулебекұлы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосында 1938 жылы, шілденің 27-ші жұлдызында жарық дүние есігін ашқан. Ауылда орта мектепті бітірген соң, институтқа түсіп, жалпы техникалық мамандық бойынша бітірген.

Жамбыл Ақылбаев жас кезінен бастап педагогикалық институтта қызмет жасап, өзің бір үлкен білікті маман ретінде қалыптастырды. Көп жылдар бойы Атырау қаласындағы педагогикалық институтты басқарды, одан бұрын Қарағанды мемлекеттік жоғары оқу орнында кафедра меңгерушісі, аға оқытушы, декан және университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры болды да, бүкіл саналы ғұмырын келешек ұрпақты, жастарды тәрбиелеуге жұмсады.

«Үздік ректор» атанған академиктің ең ерең еңбегі 90 жылдардың қиын, ауыр кезеңінде қазіргі Евней Бөкетов атындағы ҚарМУ алға қарай дамуы үшін, өрге сүйреді. Академик 70-тен астам ғылыми жұмыстардың авторы, өзінің өнер туындысы үшін 10-ға жуық куәлік алған.

Кез келген пенденің басты міндеті өмірдегі өз орнын мүлтіксіз табу болса, сол міндетті дұрыс таңдаған адамдар қатарына Жамбыл Ақылбаевты жатқызуға

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген ұлағатта сөзде айтылғандай, Жамбыл Сәулебекұлының артына қалдырған ізі, келешек ұрпақ жадында



Ұлағатты ұстаз, үздік ректор

болатыны сөзсіз. Академик Шет ауданының Құрметті азаматы, өңірде Жамбыл Ақылбаев есімін білмейтін адам кемде-кем шығар, сірә. Ауданымыздағы мектеп-гимназияға профессор Ақылбаев Жамбыл Сәулебекұлының аты берілген. Білім ордасында ғалымға арналған мұражай орналасқан. Қорыта айтқанда, Жамбыл Ақылбаев өмір жолындағы мұратын жүзеге асырып, қайтып келмес бақиға аттанды. Адам баласының қоғамда бағалануы, ардақталуы - тікелей оның өзіндік адамгершілік асыл қасиеттеріне байланысты десек, демек ғалымның ұлағатты азамат болып шығуы.

сақталатыны анық. Менің ұсынысым: Болашақ үшін, өскелең ұрпақ үшін тер төккен ғалым, академик, профессорлардың есімін білім ордаларына көптеп беру. Жамбыл Сәулебекұлына арналған оқулықтарды білім беру аясында кеңінен қолдану, дәріптеу арқылы жас буын өкілдерінің естерінде қалатындай білім нәрімен сусындату.

**Мақпал
АХМЕТЖАНОВА,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп - гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі.**